

ӘОЖ 378.147:81'243

Шарипжанова Айзада Сергазиевна

әлеуметтік ғылымдарының магистрі, Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды

Қ.

e-mail: www.aizonti.ru@mail.ru

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Әлеуметтік-мәдени құзіреттілік дегеніміз - оқып жатқан тіл елінің немесе елдерінің әлеуметтік - мәдени ерекшеліктері туралы білімін кеңейту, тілдік және тілдік емес іс-әрекетті сол ерекшеліктерге сай қолдана білуін дамыту, өз елі мен оқып жатқан тіл елінің жалпы және жеке мәдени ерекшеліктерін айыра білу.

Әлеуметтік-мәдени құзіреттілік нақты бір әлеуметтік ортада тілді лингвистикалық, мәдени қабылданған әлеуметтік ережелерді білу. Бұл ережелерді оқушыға меңгерту табиғи жолмен әлеуметтік және қатысымдық ара-қатынасы кезінде сол қоғамның өміріне әлеуметтік мәдени құрамдас бөлігін енгізген білім берудің мазмұнын жаңарту керек.

Шет тілін оқыту мазмұнының әлеуметтік-мәдени құрамдас бөлігі оқушының мәдениетаралық еркін қатынас алуға себеп болатынын таныстыруға, әртүрлі ұлттардың мәдениетін түсініп, құрметтей білуге, үйретеді десек, оның мұндай маңыздылығы әлеуметтік-мәдени біліктілікті теориялық және практикалық тұрғыдан тереңірек зерттей түсуді қажет етеді.

Түйін сөздер: әлеуметтік-мәдени құзіреттілік; тәжірибе; іскерлік; дағды; біліктілік; компонент; мәдениет.

Социально-культурная компетенция - это расширение знаний о социально-культурных особенностях страны или страны изучаемого языка, развитие умения использовать языковую и неязыковую деятельность в соответствии с этими особенностями, различие общих и индивидуальных культурных особенностей страны и изучаемого языка.

Социально-культурная компетенция знание языковых лингвистических, культурно-принятых социальных правил в конкретной социальной среде. Необходимо обновить содержание образования, внедрившего социально-культурную составляющую в жизнь данного общества во время физического и социального взаимодействия.

Социально-культурная составляющая содержания обучения иностранному языку заключается в том, что обучаемый понимает и уважает культуру разных национальностей, что требует более глубокого теоретического и практического изучения социально-культурных умений.

Ключевые слова: социально-культурная компетенция; практика; деловой; навыки; квалификация; компонент; культура.

Socio - cultural competence is the expansion of knowledge about the socio-cultural characteristics of the country or the country of the studied language, the development of the ability to use language and non-language activities in accordance with these characteristics, the difference between the General and individual cultural characteristics of the country and the studied language.

Social and cultural competence knowledge of linguistic, cultural and accepted social rules in a particular social environment. It is necessary to update the content of education that has introduced a socio-cultural component in the life of this society during physical and social interaction.

The socio-cultural component of the content of teaching a foreign language is that it learns, understands and respects the culture of different nationalities, which requires a deeper theoretical and practical study of socio-cultural skills.

Keywords: socio-cultural competence; practice; business; skills; qualification; component; culture.

Әлемдік тәжірибе бойынша ХХІ ғасыр мектеп қызметін және ондағы білім беру мазмұнын анықтауда бірқатар жаңа тұжырымдық тәсілдердің негізгі бағыттары түзілгендігін көрсетеді. Осы тұрғыдан алып қарағанда тіл үйренушіге алған білімнің негізінде өмірдің өзгермелі жағдайларын еркін бағдарлауға, білімін толықтырып дамытуға, сол арқылы сөз мүмкіндіктерін іске асыруға және адамгершілік тұрғыда өз бегінше дұрыс әрі жауапкершілікпен шешім қабылдауға бағыт беретіндей болуы тиіс. Білім берудің бұл тұжырымдары бүгінгі таңда жаңа «компетенттік тәсіл» «компетенция» «компетенттік», яғни соңғы уақыттары

«құзіреттілік» ұғымдары арқылы беріліп келеді.

Қазіргі кезде бұл ұғымдардың мән – мағынасын талдауға арналған ірі ғылыми – теориялық және ғылыми әдістемелік еңбектер жарық көре бастады.

Мәселен, халықаралық зерттеулерге талдау жасайтын болсақ,

А.В.Хуторской, О.Е.Лебедев, С.Е.Шишов, А.А.Кальней, Г.Селевко, И.Д.Фурмин, А.Г.Каспаржан, Т.М.Ковалева, Д.А.Иванов, К.Г.Митрофанов, О.В.Соколова және т.б. білім берудегі біліктілік тәсілдің мәселелеріне, ұғымдар мен құралдарына және оның білім сапасын көтерудегі маңызына тоқталып, ауқымды зерттеулер жүргізуде. «Құзіреттілік»

терминін алғаш рет Фердинанд Де Соссюр өз еңбектерінде адамның тек тілдік мағынасында ғылыми айналымға енгізді.

Қазіргі Шет тілін оқытудың стандартына сай құзіреттілік адамның белгілі – бір ортада әрекет етуге дайындығы және қабілеттілігі «Біліктілікті игеру – мәдени» адамды академиялық білімнің өкілі ретінде "белсенді", "әлеуметтік бейімделген" тұлғаға айналдырады. Ол өз кезегінде тұлғаны ақпарат алмасу мақсатында қарым – қатынасқа түсіп қана қоймай, қоғамда әлеуметтенуге, сол қоғамды өзгерту мақсатында оған әсер ете алатын тұлғаға айналуына көмектеседі.

Ғалымдар бұл терминге әртүрлі анықтамалар береді.

Мысалы: Шилов З.Е. және Агапов И.Т. анықтамасы бойынша құзіреттілік дегеніміз - тұлғаның білім алу барысында меңгерілетін білімі мен тәжірибесіне негізделген, оқу – танымдық және еңбек процесінде оның өз бетінше әрекет етуіне бағытталған жалпы іс - әрекетке қабілеті мен дайындығы десе [1, 45б.].осы мәндес анықтама Л.П.Борисовтың еңбегінде беріледі, оған сай біліктілік оқу барысында алған біліммен іскерліктің күнделікті өмірде әртүрлі практикалық және теориялық проблемаларды шешуде қолдана алу қабілеті [2, 58б.].

Сонымен «компетенция» немесе қазақ тілінде «біліктілік» ұғымы алғаш рет АҚШ – та 60 – шы жылдары білім беру жүйесінде қолдана бастады. Оның мақсаты еңбек нарығында бәсекелес бола алатын білікті маман дайындау [3, 27б.].

Құзіреттілік - бір нәрседен хабардар болу, белгілі - бір іс - әрекетте білімнің, тәжірибенің таныс болудың біршама дәрежесі, тұлғаның қасиеті.

Сонымен, бір нәрсені оқып үйрену, жетік білу барысында қалыптасқан білімнің, дағдының, іскерліктің жиынтығы деген мағынада қолданатын біліктілікті қалыптастыру ісінің маңызы уақыт өткен сайын арта түсуде.

Европалық кеңестің Шет тіліне қатысты материалдарда құзіреттіліктің мынадай түрлері көрсетіледі.

Жалпы құзіреттілік және коммуникативтік тілдік құзіреттілік

Жалпы құзіреттілікке жататындар.

1 оқуға қабілеттілік (ability to learn)

2 экзистенциалды компетенция (existential competence)

3 декларативтік біліктілік (declarative

competence)

4 іскерліктер мен дағдылар (skill and know – how)

Коммуникативтік тілдік біліктіліктерге жататындар.

1 лингвистикалық компоненттер (linguistic competence - lexical, phonological – syntactical knowledge and skill);

2 әлеуметтік лингвистикалық компоненттер (sociolinguistic component);

3 прагматикалық компоненттер (pragmatic component knowledge existential competence and skill and know how relating to the linguistic system and its sociolinguistic variation) жатады [4, 3б.].

Ал А.Н. Шукин коммуникативтік біліктілікті әдістемелік тұрғыда төмендегідей негізгі компоненттерге бөлуді ұсынады [5, 23б.].

1 Лингвистикалық біліктілік;

2 Стратегиялық біліктілік;

3 Әлеуметтік біліктілік;

4 Әлеуметтік - мәдени біліктілік;

5 Дискурстық біліктілік.

Біздің ойымызша мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында, Е.И.Пассов ұсынған «Тілді-мәдениет, ал мәдениетті тіл арқылы үйрену», зерттеу мәселесінің маңыздылығы артқан уақытта әлеуметтік - мәдени біліктіліктің маңызы зор. Өйткені әртүрлі ғылыми зерттеулер әлеуметтік - мәдени біліктіліктің дұрыс қалыптаспауы немесе жеткіліксіздігі мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында оқушыны әртүрлі қателіктерге ұрындыратынын көрсетті [7,89б.].

Жоғарғы оқу орындарында әлеуметтік - мәдени құзырлықты қалыптастыру және дамыту шеңберінде өткізіліп жатқан зерттеулер болашақ мамандарды шет тілін кәсіби бағытталған оқытуда әлеуметтік -мәдени аспектінің рөлін анықтау әрекеті болып табылады. Ұсынылып отырған өзге тілді әлеуметтік - мәдени құзырлықты қалыптастыру үлгісінің негізіне келесі ұстанымдар енгізілген:

- оқыту контекстінің аутенттік ;

- шет тілін оқытудың кәсіби дайындық мазмұнымен өзара байланысы;

- шет тілі мен ана тілін мәдени байланыста зерттеу ;

- жаңа тілдік жағдайларына бейімделу қабілеттілігін ынталандыру ;

- оқытудың аутентті материалдар мен тәсілдердің алуан түрлігі мен жеткіліктілігі ;

- пайдаланылатын материалдардың прагматикалық релеванттығы.

Студенттерге шет тілін үйретуде негіз болатын оқу әдебиеті қосымша аутентті әлеуметтік - мәдени материалды іріктеуді және кәсіби бағытталған мәдени танымдық тапсырмалар кешенін жасақтауды талап етеді.

Шет тілін үйретудің әлеуметтік - мәдени мазмұнын келесі бөлшектер құрайды: өзге тілді әлеуметтік-мәдени білімдер, дағдылар мен әдеттер; ұлттық мәдениеттің жұмыс істеу өрісі мен шағы өрісі; өзге мәдениет болмысының аспектіні көрсететін жағдайлар; аутентті мәтіндер мен мәдениет танымдық сипаттағы өзге тілді тапсырмалар жүйесі.

Өзге тілді әлеуметтік - мәдени құзырлықтың құрлымы мен мазмұнына кіретіндер: кәсіби өріс лексикалық бірліктерінің эквиваленттілігі мен эквиваленттілік емес қатынастары туралы, кәсіби лақуналар түрлері туралы, лексиканың лингвистикалы-елдік және әлеуметтік-лингвистикалық толтырылуы, лексикограмматикалық құрлымдар, ана тілі мен шет тілінде тілдік және тілдік емес тәртіптің стереотиптері, мәдени аралық қатынас жағдайында шет тіліндегі тілдік тәртіптің әлеуметтік мәдени аспектілері туралы білімдер;

зерттеп танылған қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топтар өкілдері әрекеттерінің ережесі мен дәстүрі, мәдени тарихи құндылықтары туралы түсініктері; кәсіби таңбаланған тіл бірліктері мен түніктерін тану, зерттеліп жатқан мәтіндердің әлеуметтік - мәдени мазмұнын заттандыру, ауыз екі тілде әлеуметтік- мәдени таңбаланған бірліктерді әдепті пайдалану, ел танымды және кәсіби таңбаланған тіл бірліктерін кәсіби мәнді мәтіндерді әлеуметтік -мәдени талдауды іске асыру, әлеуметтік - мәдени жағдайда қолайлы тілдік тәртіпті таңдау шеберлігі; әлеуметтік-мәдени және мәдени танымдық байқағыштық, коммуникативті жүріс - тұрыста әмбебап пен ұлттық өзгешелік әрекеттесу тенденциясын айқындауға әлеуметтік - мәдени алғырлық ; әлеуметтік - мәдени этнорелятивизм, толеранттық, өзге тілді мәдениеттің құбылыстарын қабылдау және оған бейімделу.

Өзге тілді коммуникативті және әлеуметтік - мәдени шеберлікті интегративті дамыту қажеттілігі оқып жатқан тіл елінің мәдениетін үйретудің мәселелі сипатын айқындады. Оның өзі әлеуметтік-мәдени білім мен коммуникативті шеберлікті игеруде оқушылардың ойлағыштық және ой-тілдік қызметін белсендіруге бағытталған өзге тілдік тапсырмалар пайдалануды болжайды [8,566].

Бөгде әлеуметтік - мәдениеттің әлем бейнесін түсінетін, өзге лингвоәлеуметтік мәндік бағдарын түсінетін, зерттеп жатқан және туған мәдениетінің арасындағы айырмашылық пен ұқсастықты көре білетін және оларды мәдени аралық кәсіби қатынас контекстінде қолдана алатын қалыптасқан екінші қайтара тілдік тұлға шығару оқушыларда шет тілін үйретудің нәтижесі болу тиіс [9,686].

Өзге тілде әлеуметтік - мәдени құзырлықты қалыптастырудың жасақталған үлгісінде әлеуметтік - мәдени компонент ағылшын тілін оқытудың мазмұнына танымдақ ізденушілік тапсырмалар түрінде кірістіріледі:

- әр түрлі мәдениет өкілдерінің уақытқа, кеңістікке, тұлғаға, өз жеке меншігіне деген қатынасы мысалдарын мәтінмен табу;

- еңбек, тәрбие, білім беру және басқа да қызметтерінде зерттеліп жатқан мәдениет өкілдерінің маңыздылық дәрежесі бойынша құндылық-мәндік, мұқтаждық - мотивациялы приоритеттерін классификациялау;

- зерттеулі елдегі қоғам, тұлға, отбасы және құрылымы туралы және өмір сапасы жайлы бейнелі - сызбалы, статистикалық ақпаратты зерттеу;

- екі елдің әлеуметтік - мәдени тәжірбесіне сүйене отырып ағылшын - қазақ тілді психологиялық түсініктердің түсіндірмесіндегі өзгешеліктерді айқындап салыстыру;

- тілдік құралдарды пайдалана отырып ағылшын тілі сөйлеу нормаларына барабар сөйлемдерді басқаша айту.

Келесі әдіс – лингвоәлеуметтік. Ол мәдени құзырлық тілді мәдениет микроскобымен қарастыру қабілеттілігі - мамандарды кәсіптік дайындаудың негізгі құрамдас бөлігі. Әлеуметтік және мәдени орта сияқты компонентке жүгінетін лингвистикалық әлеуметтік - мәдени әдіс лингводидактика дамуының қазіргі заманғы кезеңінде шет тілін оқытудың ең маңызды әрі толық қамтушы әдістің бірі.

Аталмыш әдістің негізгі мақсаты сұхбаттас айтқандарының тек эксплицитті берілгенін ғана емес, сонымен бірге оның имплицитті мағынасын дұрыс түсіндіру, бөтен мәдениетті қабылдауды интуитивті деңгейде қалыптастыру, және де басқа мәдениеттермен байланысқанда жүріс – тұрыстың, өзін ұстаудың белгілі дағдылары мен стратегиясына төселдіру болып табылады.

Сондықтан кімде кім осы негізгі және тұтас әдісті таңдаған болса, тілге халықтың

географиясы, тарихы, оның өмір жағдайы, салты, тұрмысы, күнделікті жүріс тұрысты көрсетілген айна ретінде қарауы тиіс [20,756.].

Әлеуметтік – мәдениет пен әлеуметтік - лингвистикалық құзырлық және коммуникативті құзырлықты қалыптастыру үшін Интернетті пайдалану.

Коммуникативті құзырлық жайында айтатын болсақ, мәдениетаралық коммуникация облысында коммуникативті құзырлықты қалыптастыру шет тілін оқытудың мақсаты болып тұр. Бұл өзге мәдениет өкілдерімен тілдік әрекеттестікке қабілеттің болуын меңдейді.

Мәдениетаралық коммуникация - бұл әртүрлі ұлттық мәдениетке жататын коммуникативті актіге екі қатысушының барабар өзара түсіністігі. Сондықтан да шет тілін оқытудың

мақсаты – бұл алдымен серіктестер арасындағы өзара түсіністік пен мәдениетаралық қарым – қатынасты қамтамасыз ету.

Қорыта келгенде, шет тілін оқытудың ең басты міндеті – оқушылардың мәдениетаралық және кәсіби коммуникативтік біліктілігін қалыптастыру. Оны тануға бағытталған Шет тілін оқыту- лингвистикалық (тілдік), дискурсивтік (сөйлеу), әлеуметтік-мәдени және басқа компоненттерден тұратын күрделі интергративтік тұтастыққа негізделген. Атап айтқанда, лингвистикалық компонент — оқып үйренетін тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық құбылыстары мен сол тілдің қалыптасқан заңдылықтарын оқушылардың өз-ара қарым-қатынаста қолдана білуге үйретеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Агапова С.Г. Основы межличностной и межкультурной коммуникации. Серия "Высшее образование" - Феникс, 2004.-1966.
2. Борисов Л.П. Компетентностный подход и модернизация содержания общего образования. Стандарт и мониторинг. Москва, русский журнал – 2003 – 1276.
3. Әкімішова Ж.Ә. Тіл – мәдениет феномені мәселесі – А, 2003 – 276.
4. Воробьев Г.В. Развитие социокультурной компетенции будущих учителей иностранного языка. Иностранные языки в школе М, 2000 – 1226.
5. Гальскова Н.Д. Теория обучения иностранным языкам -Москва, 2004-1806.
6. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного - М, 1980-1786.
7. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению, 2-е изд. - М, - 1991-1896.
8. Пособие для учителя «Актуальные проблемы межкультурной коммуникации и перевода» Н.Д. Гальскова-Москва, 2000-1656.
9. Ибраймова Г.К. Шет тілін оқытуда әлеуметтік мәдени біліктіліктің мазмұны. Магистрлік Диссертация- Алматы, 2006-1056.
10. М.В.Мазо «Современная методика обучения иностранным языкам». Алматы – 2000-1886.

Шарипжанова Айзада Сергазиевна

Лауазымы: әлеуметтік ғылымдарының магистрі, «шет тілдер» кафедрасының оқытушысы, Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Пошталық мекен-жайы: 100028, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Университет көшесі 28

Ұялы. тел: +7 702 655 03 94

Шет тілін оқыту үрдісінде студенттердің әлеуметтік-мәдени күзіреттілігін қалыптастыру

Шарипжанова Айзада Сергазиевна

Должность: магистр социальных наук, преподаватель кафедры иностранных языков, Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова

Почтовый адрес: 100028, Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Университетская 28

сот. тел: +7 702 655 03 94

Формирование социо-культурной компетенции студентов в процессе обучения иноязычному общению.

Sharipzhanova Aizada Sergazievna

Position: Master of Social Sciences, A teacher of the department of "Foreign Languages", E.A. Buketov KSU

Mailing address: 100028, Republic of Kazakhstan, Karaganda, st. University 28

Mob.phone: +7 702 655 03 94

The formation of socio cultural competence among the students in the process of studying foreign language